

«Қазақстан Республикасында пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеулік сынақтарын және мемлекеттік тіркеуін жүргізудің Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы № 432 бұйрығына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2009 жылғы 18 қарашадағы N 661 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2009 жылғы 20 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5971 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне фитосанитариялық қауіпсіздік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 17 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасында пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеулік сынақтарын және мемлекеттік тіркеуін жүргізудің Ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2002 жылғы 26 желтоқсандағы № 432 бұйрығына (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде № 2127 тіркелген) мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

атауында және 1-тармақта «тіркеулік» деген сөзден кейін «, өндірістік» деген сөзбен толықтырылсын;

кіріспеде «2002 жылғы 7 қазандағы № 1096» деген сөздер «2005 жылғы 6 сәуірдегі № 310» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында пестицидтердің (улы химикаттардың) тіркеулік сынақтарын және мемлекеттік тіркеуін жүргізудің Ережелерінде:

атауында «тіркеулік» деген сөзден кейін «, өндірістік» деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:
«4-1) пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне толықтырулар - қосымша

тіркелетін және бекітілген пестицидтер (улы химикаттар) тізіміне енгізілетін пестицидтердің (улы химикаттардың) тізбесі;»;

5) тармақшада «мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау, қоршаған ортаны қорғау органдарының» деген сөздер «қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдардың» деген сөздермен ауыстырылсын;

13) тармақшада «химиялық заттардың» деген сөздер «пестицидтің (улы химикаттың)» деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта «ТМД» деген сөз «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі - ТМД)» деген сөздермен ауыстырылсын;

29-тармақта бірінші абзацта «(мәлімдеуші)» деген сөзден кейін «мемлекеттік немесе орыс тілінде» деген сөздермен толықтырылсын;

31-тармақта «техникалық шарты» деген сөздер «ұйымның стандарты» деген сөздермен ауыстырылсын;

34-тармақта «мемлекеттік экологиялық органдарға және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау орындарына» деген сөздер «қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдарға» деген сөздермен ауыстырылсын;

37-тармақ мынадай редакцияда баяндалсын:

«37. 1) мемлекеттік тіркеу сәтіне пестицид туралы материалдар толық көлемде берілмеген, бірақ көрсетілген пестицидке арналған ұсынылған тіркеу материалдары бойынша қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдардың оң қорытындылары бар болған;

2) таралуы фитосанитариялық болжамға сәйкес фитосанитариялық жағдайды нашарлатуы мүмкін жекелеген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдермен, сондай-ақ карантиндік объектілермен Қазақстан Республикасының аумағында күресуге арналған пестицидтердің қажетті түрі болмаған, бірақ ғылыми-зерттеу институттарының оң ұсынымдары мен ұқсас қолдану саласы бойынша (дәл сол дақылда және дәл сол зиянды организмдерге қарсы) көрсетілген пестицидті ТМД мемлекеттерінде тіркелгенін растау болған жағдайларда пестицидті 2 жылдан аспайтын мерзімге уақытша тіркеуге жол беріледі.

Бұл ретте көрсетілген пестицидті 10 жылға дейінгі мерзімге тіркеу үшін 1) тармақшада көрсетілген жағдайда тіркелуші (мәлімдеуші) пестицидті уақытша тіркеу мерзімі ішінде жетіспейтін мәліметтерді ұсынады, ал 2) тармақшада көрсетілген жағдайда соңынан препаратты қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдармен келістіре отырып, пестицидті тіркеулік және өндірістік сынаулар және оны токсикологиялық бағалау өткізіледі.»;

41-тармақтың 3) тармақшасында «санитарлық-эпидемиологиялық және

экологиялық бақылау орындарында» деген сөздер «қоршаған ортаны қорғау және денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік органдарда» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 1, 2, 3, 4, 5, 6 және 7-қосымшаларда: оң жақ бұрышта атауында «тіркеулік» деген сөзден кейін «, өндірістік» деген сөзбен толықтырылсын;

«Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы Министрдің міндетін атқарушы 2002 жылғы 26 желтоқсандағы № 432 бұйрығымен бекітілген» деген сөздер алынып тасталсын;

көрсетілген Ережеге 3-қосымшада:

«ҚР АШМ облыстық аумақтық басқармасының бастығы» деген сөздер «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының бастығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«облыстық аумақтық өсімдіктерді қорғау және карантин бөлімінің бастығы» деген сөздер «Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің облыстық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау және карантин бөлімінің бастығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

«аудандық аумақтық басқарманың бастығы» деген сөздер «Агроөнеркәсіп кешеніндегі Мемлекеттік инспекция комитетінің аудандық аумақтық инспекциясының бастығы» деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген Ережеге 4-қосымшада 4-тараудың 2-бөлімі мынадай мазмұндағы 10) тармақшамен толықтырылсын:

«10) оны өндіруші берген пестицидтің қауіпсіздік паспорты.»; 9-тараудың 6-бөлімі мынадай мазмұндағы он бірінші абзацпен толықтырылсын:

«Пестицидтің материалдары пестицидтің әсерлі заты мен препараттық нысанының физика-химиялық, биологиялық, экология-токсикологиялық, токсикология-гигиеналық және басқа да қасиеттерін зерттеу үшін жүргізілген тіркелуші фирманың өз зерттеулері нәтижелері бойынша есептердің нотариалды расталған мемлекеттік немесе орыс тіліндегі аудармаларын қамтуы тиіс.».

2. Екіншілік және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті (Буць А.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министрдің м.а.

М. Оразаев

« К е л і с і л д і »
Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрі
----- Ж. Досқалиев

2009 жылғы 30 қараша

« К е л і с і л д і »
Қазақстан Республикасы
Қоршаған ортаны қорғау министрінің м.а.
----- Э.Сәдуақасова

2009 жылғы 26 қараша